

# «БЖЗҚ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт жобасын талқылау

Алматы, 2021



"БЖЗҚ" АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының (бұдан әрі-Заң) 10-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қоғамның қатысуымен квазимемлекеттік сектор субъектілері әзірлейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдармен (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) айқындалған.

Әдістемелік ұсынымдардың 3-тарауының 8, 9-тармақтарына сәйкес қоғамның қатысуы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың жобасын әзірлеушінің интернет-ресурсында орналастыру және оған ұсынымдар мен ескертулерді жинау, әзірленіп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың жобасын талқылау үшін қоғамдық тыңдаулар, "дөңгелек үстел" форматында отырыстар өткізу арқылы қамтамасыз етіледі.



**Заңның 16-бабы** 3-тармақпен толықтырылды (06.10.20 жылғы № 365-VI ҚР Заңына сәйкес)

«3. **Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде** негізгі міндеті тиісті ұйымның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылатын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы **комплаенс-қызметтердің функцияларын** атқаратын құрылымдық бөлімшелер айқындалады. Квазимемлекеттік сектор субъектілері болып табылмайтын кәсіпкерлік субъектілері сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер құруға құқылы.»

"БЖЗҚ" АҚ Басқармасының шешімімен (26.05.2021 жылғы № 35 хаттама) қолданыстағы басқарманың міндеттері мен функцияларын кеңейту арқылы комплаенс қызметі ("БЖЗҚ" АҚ комплаенс және сапаны бақылау басқармасы) құрылды. Комплаенс және сапаны бақылау басқармасы **"БЖЗҚ" АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының** жобасын әзірледі және оған ұсыныстар мен ескертулер жинау үшін "БЖЗҚ" АҚ сайтында орналастырылған.



## Мақсаты

зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу.



## Міндеттері

- ✓ "БЖЗҚ" АҚ-да жұмыс істейтін адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру;
- ✓ сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу.

### Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары:

- заңдылық;
- транспаренттілік;
- әдептілік;
- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;
- мүдделер қақтығысына жол бермеу.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт** "БЖЗҚ" АҚ-да жұмыс істейтін адамдардың белгіленген қағидаларды мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған әрекеттері мен шешімдерін айқындайды.

## «БЖЗҚ» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізіне :



- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарымен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;
- 2) өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді даярлау және қабылдау;
- 3) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындау;
- 4) тиісті тіршілік ету аясының ерекшелігіне байланысты өзге де қоғамдық маңызы бар қатынастар кезінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу тұрғысынан лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-әрекеттер жатады.

## «БЖЗҚ» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт** мемлекеттік орган, ұйым, қоғамдық қатынастардың оқшауланған саласына жетекшілік ететін квазимемлекеттік сектор субъектісі басшысының шешімімен бекітіледі.

**Бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт** әзірлеушінің интернет-ресурсында және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

**Мінез-құлықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты** қоғамдық қатынастардың оқшауланған салаларында жұмыс істейтін адамдардың орындауы үшін міндетті.

 [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) [enpf@enpf.kz](mailto:enpf@enpf.kz) 1418

Назарларыңызға рақмет!

